

Әлемдегі ең әдемі 10 гүл



Гиацинт (Hyacinthus).

Бұл гүлдің атауы Гиацинт атты грек баласының құрметіне қойылған. Аңызға сүйенсек, ол Аполлон Құдайына ғашық болған. Ал Гиацинтті жел Құдайы Зефир ұнатқан. Бірақ грек баласы жел Құдайын жақсы көрмеген, ал бұл Зефирдің ашуын туғызған. Сондықтан баланың басына Аполлон шығарған дискті лақтырған. Гиацинттің басынан аққан қанды Аполлон гүлге айналдырған. Ерекше бейнелі гүл кез келген жанды тәнті етеді.



Калла (Calla)



Бөлме өсімдігі болып табылатын гүлдің Отаны – Оңтүстік Африка. Оны бақшаға да отырғызуға болады. Ақ калла – тазалықтың белгісі. Сондай-ақ бұл гүлдің басқа да түстері кездеседі. Калла – асқан нәзіктіктің, сұлулықтың әдемі мысалы.

Дицентра (Dicentra)

Жаралы жүрек, жүрек гүлі, Жанетта жүрекшесі, Құдай Ананың туфлиі сияқты көптеген балама атауға ие гүл туралы әр елде әртүрлі аңыз бар. Шынымен ерекше әдемі гүл ешкімді бей-жай қалдырмайды. Дицентра гүлінің көптеген түрі бар. Соның ішінде "таңғажайып дицентра" деп аталатын түрі бәрінен сұлу көрінеді.



Орхидея

Әлемдегі ең әдемі және бағалы гүл. Бұл гүлдің әлем бойынша 25 000 түрі бар. Гүлдің ең көп тарқалқан ортасы Гавай аралдары.



Мимоза



Мимоза әлемдегі ең "ұялшақ" гүл есептеледі. Егер гүлге қолыңызды тигізетін болсаңыз сол сәтте жапырақтары жабылып қалады. Егер қауіптен құтылғанын сезсе сол сәтте қайта ашылады.

Свайнсон

Қып-қызыл көзтартарлық бұл гүлдің түріне қарап асбұршақ пен үрмебұршақ тұқымдасу дегенге сену қиын. Дегенмен, бұл – шындық. Орталық және солтүстік-батыс Австралия өңірінен кездестіруге болады. Ұзындығы – 9-10 см. Алқызыл, крем, ақ түсті түрлері де бар.



Пассифлора



Тропикалық шырмауықтың бір түрі. Латын Америка елінде өседі. Ұзындығы 9 метрге дейін жетеді.

Стангопея



Мексикада өсетін бұл гүлдің ке жуық түрі бар. Шілде мен қазан айы аралығында гүлдейтін күндері ішінде үш күн өте үлкен болады, диаметрі 17 сантиметрге дейін жетеді. Бір жаманы, бұл гүлді өсіру қиын.

Анигозантос Мэнглеза

Батыс Австралияда өсетін көпжылдық өсімдік. Соңғы кезде азайып бара жатқандықтан, арнайы қорғауға алынған.



"Habenaria Radiata" деп аталатын бұл гүл әуеде қалқып бара жатқан көгершінге ұқсайды.



*Назар салып көргендеріңізге
рахмет!!!*

